

► Маман мінбері

Аграрлық мамандықтың артықшылығы қандай?

Мамандық таңдау мектеп, лицей, колледж түлектерінің алдындағы ёң курделі де жауапты қадамдардың бірі деуге болады. Сол үшін бул қадамға баардан бұрын бала ата-анасымен, дос-жарандарымен, оқытушы-ұстаздарымен ақылдасып алғаны жөн. Кейде мектеп бітіруші түлектер қандай жоғары оку орындарында қандай мамандық иелері даярланатынын жетік білмегендіктен күрбі-күрдас, дос-жарандарының үгіттеуімен көнілі қаламаган факультеттерге құжат еткізіп жатады. Бірақ, кейиннен ол окуды амалдан бітіргенімен жүрек қалауы болмаган соң ол салада жұмыс істемейді. Сол үшін мамандық таңдауда қателеспен керек.

2003 жылы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің базасынан аграрлық факультет ашылған болатын. Он екі мамандық (Кадастр, Аграрлық техника және технология, Жерге орналастыру, Агрономия, Топырактану және агрохимия, Өсімдік қорғау және карантин, Орман шаруашылығын қорғау және карантин, Жеміс-кекеніс шаруашылығы, Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы, Сүмен қамтамасыз ету. Суды бұру және су ресурстарын қорғау, Су ресурстары және суды пайдалану, Ветеринарлық медицина) бойынша білім беретін факультет жұмысы жыл өткен сайын жаңданып келеді.

Аграрлық факультеттің құрамындағы «Ветеринарлық медицина» мамандығын айттар болсақ, студент бес жылда оның толық курсын өкіп бітіреді. Таңдау пәні мен бейіндік пәні – биология, химия, ал, қысқартылған оку нысаны бірінші бейіндік пән – биология, екінші бейіндік пән – жануарлар анатомиясы және физиологиясы. Бұл мамандықты бітіргендегер КР Ауыл шаруашылығы министрлігінде, КР ішкі істер министрлігінде, КР Қоршаган отаны қорғау министрлігінде, КР Қорғаныс

министрлігінде, КР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекарадағы ветеринариялық бақылау пункттерінде, КР Білім және ғылым министрлігінің ауыл шаруашылығы бағытындағы жоғары оку орындарында, колледждерде және ветеринариялық ғылыми-зерттеу институттарында қызметтеп атқара алады.

Еліміз егемендік алғалы бері ветеринария саласында көптеген өзгерістер орын алды. Мал шаруашылығының толық жекешелендірілуі себепті, ұсақ шаруашылықтардың саны арта түсті. Бул өз кезеңінде эпизотологиялық ахуалға шұғыл қөніл белу керек екенін көрсетті. Қазақстан еуразиялық кеңістікте орналасқандықтан құрлық, су, өве жолдары арқылы транспорттық қатынас күшейді. Елімізде ветеринариялық қызметтің бақылау жұмыстарына ерекше мән беріліп, ерекше сипат алды. Ветеринариялық қызметтеп тетіктерінің сапалы жұмыс істеуі үшін КР «Ветеринария туралы» Заңы (1995ж, 2002ж). қабылданды. Жоғары білімді ветеринар мамандарға сұраныс арта түсті.

Аграрлық факультетті бітірген жас мамандар еліміздің түкпір-түкпіріне барып, түрлі ветеринариялық мекемелерге жұмысқа орналасып, еліміздің ертеңі үшін өнбек етуде. Бүгінде біздің түлектер КР АШМ ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінде, КР АШМ ветеринариялық департаментінде, КР ветеринариялық зертхана РМК Туркістан өнірараптық филиалында және басқа да облыстық мекемелерде, КР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекаралық белімінде, КР АШМ Ұлттық ветеринариялық референттік орталығында, КР Микробиология және вирусология ғылыми-өндірістік орталығында, Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде, Оңтүстік Қазақстан ветеринариялық ғылыми-зерттеу стансасында, шекарадағы ветеринариялық бақылау бекеттерінде, Шымкент қалалық ип-

подромында қызметтеп етіп жүргенін зор мақтапшын айта аламыз.

Түркістан облысында қазіргі таңда мынга жуық түлегіміз ветеринар болып қызметтеп атқарып жүр. Мысалы, 2021 жылы даярлық бағыттары бойынша жұмысқа орналастыру көрсеткіші «Ветеринарлық медицина» мамандығын өкіп бітірген түлектер саны – 111, жұмысқа орналасқандар 91,14 пайызды құрады.

«Ветеринарлық медицина» кафедрасында іс-тәжірибелден ететін алпыстан астам өндістік база бар. Студенттер мұнда тәжірибе алмасып, өндірістік және диплом алды практикадан етеді. Тұлқібас ауданындағы Жаскешу ауылдық округінде факультеттіміздің «Агронеркесіптік кешен» атты жеке базасы бар. Болашақ мамандар ол жерде тәжірибелерін жетілдіреді. Сондай-ақ, егістік алқаптарымыз да бар. Студенттер күзгі және көктемпі өндірістік практикаларын сол базаларда етеді. Одан басқа да қалада, аудандарда, облыста орналасқан базалар бар. Одан белек «Нұрай-5» ЖШС, «Ордабасы құс», «Шымкент-құс» фабрикалары, Шымкент қаласындағы «Оңтүстік цирк» МҚҚ, «Қазына-жер» LTD, «Берте-Милқа» ЖШС, облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының «Ветеринариялық қызмет» МҚҚ, республикальық, облыстық, аудандық ветеринарлық зертханалар біздің басты серіктестеріміз болып табылады.

Ибраһим ТҮТҚЫШБАЙ,
Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Ветеринарлық факультетінің «Ветеринариялық медицина» кафедрасының доценті, «Болашақ» халықаралық стипендиясының лауреаты.
Асқар ӘСЕРБАЙ, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.